

"Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 11 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі нысанасы Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін (бұдан әрі – халықаралық мамандандырылған көрме) ұйымдастыру және өткізу, халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмeden кейін пайдалану, сондай-ақ халықаралық, оның ішінде 1928 жылғы 22 қарашада Парижде жасалған Халықаралық көрмелер туралы конвенцияда көзделген көрмелерге қатысу болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда – ҚР Үкіметінің 24.05.2018 № 291 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне құрылатын қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін 2013 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 86550000 (сексен алты миллион бес жүз елу мың) теңге бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігімен бірлесіп қоғамның жарғысын әзірлеуді және бекітуді және оның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерін қоғамның директорлар кеңесінің құрамына сайлануын;

3) қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне беруді;

4) осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

2013 жылғы 15 қантардағы

№ 11 қаулысына

қосымша

**"Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы"
акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамына сайланатын
Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері**

Серік Нығметұлы - Қазақстан Республикасының
Ахметов Премьер-Министрі, кеңес төрағасы
Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасы
Келімбетов Премьер-Министрінің орынбасары
Әсет Өрентайұлы - Қазақстан Республикасы
Исекешев Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының Индустрія және
жана технологиялар министрі
Ерболат Асқарбекұлы - Қазақстан Республикасының Экономикалық
Досаев даму және сауда министрі
Нұрлан Жамбылұлы - Қазақстан Республикасының
Қаппаров Қоршаган ортаны қорғау министрі
Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасы
Жәмішев Қаржы министрі
Бақытжан Тұрсынұлы - Қазақстан Республикасының
Жұмағұлов Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 15 қантардағы

№ 11 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадының мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-157-жолмен толықтырылсын:

"21-157. "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" АҚ".

2. "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 268-9-жолмен толықтырылсын:

"268-9. "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" АҚ".

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

5. "Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесінде:

"Ұлттық компаниялар" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 40-жолмен толықтырылсын:

"40. "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы.".